

## Аягөз ауданы Нарын ауылдық округінің "Жақсылық" шаруа қожалығының аумағына карантин белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 4 наурыздағы № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 наурызда № 8425 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 10 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Күршім ауылдық округі әкімінің 09.04.2021 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес және Аягөз ауданы бойынша бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2021 жылғы 02 наурыздағы № 138 ұсынысы негізінде, Нарын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІТІ:**

1. Мүйізді ірі қара малдардың арасынан қарасан ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданы Нарын ауылдық округінің "Жақсылық" шаруа қожалығының аумағына карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Нарын ауылдық округі  
әкімінің міндетін уақытша атқарушы*

*Б. Чонгожбаев*